

## Айдана Әлайдарқызы

Ұлттық құндылықтарымыздың сақталуы жолында еңбек етіп жүрген педагогтардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Әлайдарова Айдана Әлайдарқызы. Педагог Қазақстан қолөнершілер Одағының мүшесі ретінде қазақ қолөнерін жаңа заманға сай дамытуда.

Айдана Әлайдарқызы университетте 20 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келеді. Шәкірт тәрбиелеумен қатар, ұлттық бұйымдар әзірлеп, қазақ өнерінің жаңа деңгейге көтерілуіне үлес қосты.

Педагог БҰҰ дамыту бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған «Social Good Summit» форумында әлеуметтік жобаларға инновациялық технологияларды қолдану тақырыбында баяндама оқыды.

□ «Қазақстан-Моңғолия: Мемлекеттік, жеке және азаматтық секторларда әйелдерді жоғарылату бойынша елдер тәжірибесі» атты халықаралық конференцияға қатысып, киіз өңдеу бойынша қолданылатын жаңа технологиялық әдістерді ұсынды.

Ресей Федерациясында өткен Қазақстан мен Ресейдің XIV өңіраралық ынтымақтастық форумына еліміздің атынан қатысып, шеберлік сабақтарын өткізді.

Сонымен қатар, «ТҮРІКСОЙ» халықаралық ұйымы мен облыс әкімдігі ұйымдастырған «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінде ұлттық өнердің озық үлгісін көрсетті.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Этно-Fashion» республикалық фестивалінде халықтық салт-дәстүрді және өз шығармашылығында этно стильді дамытқаны үшін марапатталды. «Қолөнер-сырлы өнер» атты III республикалық қолөнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесінде, «Шебер-2017. Біздің мұра» республикалық шеберлер байқауында финалист атанды.

Айдана Әлайдарқызы Дәстүрлі өнер институтындағы №103 аудиторияның ұлттық нақышта жабдықталуына, қайталанбас бұйымдармен толығуына үлкен үлес қосты. Ұлттық мұрамыздың бағасын биіктеткен ұстаздың шәкірттері де он саусағынан өнер тамған шеберлері.

Бүгінде ұстаздан тәлім алған түлектер әртүрлі салада еңбек етуде. Айталық, Бақытжан Мәмбетов – «МБО» жарнама агенттігінің директоры, Жанболат Есмаханов – «Көркем-Ай» жарнама орталығының директоры, Фариза Қожахметова – М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы.